


Республикалык оку-өдістемелік педагогикалык журнал

ЖАҢҢУЯ МЕН МЕНБИТЕГЕНІ ТӘРБИЕ ВОСПИТАНИЕ В СЕМЬЕ И ШКОЛЕ

№2 2010



ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 65 ЖЫЛ!

65 жыл Жеңіс күнін тойладық,
Бал өмірдің қызығына тоймадық.
Батыр баба осы күнге жеткізген,
Соғыс жайлы қазір біз не ойладық?

Жеңіс, Жеңіс! Қандай қуат сезілер,
Шаттық үні жүрегінде езілер.
Қолдан келсе берері көп әлі де,
Жас ұрпаққа бейбіт күнді біз білер.

Ұмытпаңдар, жас ұрпақ батырларды,
Талай оқтын астына ол жанын салды.
Сендер үшін кеудесін қорған етті,
Сол қорғаны 65 жыл бұзылмай жатыр әлі.



Ұлтуар Сәрсембаева

Шамалған станциясындағы
казак орта мектебі директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Алматы облысы, Қарасай ауданы

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАСТАРЫ!

(«Қызыл сұңқарлар» әнімен иитуга болады)

Жас ұландар, жас қырандар,
Бейбіт күнде бас құрандар.
Алып берген аталарың,
Қазақстан Ата заның,
Сақта казактың кайсар жастары.

Еркіндікке қол жеткізген,
Батыр ата мәңгі бізбен.
Ер есімі сақталады,
Жүрегінде жатталады,
Жыр болып қазағымның аталары.

Қайырмасы:

Бейбітшілік күн жасасын!
Бақытты өмір жол бастасын.
Желбіреп тендіктің
Жасай бер! Тәуелсіз
Жасай бер! Қазақст
Жасай бер! Жеңіс кү

Қайырмасы:

Бейбітшілік күн жасасын!
Бақытты өмір жол бастасын.

№	Наименование
1	Хлеб "Воронинский о корпандром" 0,35 кг
2	Хлеб "Российский впитный" 0,35 кг
3	Хлеб Шығыс-нан 0,38 кг
4	Батон с надрезами 0,33 кг

Росс : "+Росс

Адрес заказчика : ЛЕРМОНТОВА, 109

Заказчик : ПРОДУКТЫ

ЗАЯВКА № 000065858

ООО "Павлодарский хлебобулочный комбинат"

ЖАНУА МЕН МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ВОСПИТАНИЕ В СЕМЬЕ И ШКОЛЕ

Республикалық оқу-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский учебно-методический педагогический журнал

2006 жылдан бастап нөмірлігі
Издается с 2006 г.

№ 2 (24) 2010

Бір жылда 4 рет шығады
Выходит 4 раза в год

МАЗМУНЫ СОДЕРЖАНИЕ

БҮТІНІТ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ВОСПИТАНИЯ

- Атамқұлова М. *Педагогикалық үрдісте тулғаның жас және жеке ерекшеліктерін ескеру* 2
- Көпбаева Ә.К. *Имандылыққа тәрбиелеу — парызымыз* 5
- Үмбетова М.Б. *Бүгінгі тәрбиелі шәжірт — ертеңгі ұлтжанды азамат* 6
- Исмайлова Р.К. *База тәрбиесі отбасынан басталады* 7
- Попова Л.А., Филатова Н.П. *Семейное чтение как важная часть системы воспитания* 9
- Макелова А. *Малыджанное общественное объединение «Жас Жигер»: воспитание патриотизма у молодого поколения* 10

МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ

ВОСПИТАНИЕ В ШКОЛЕ

- Қарсақова Г.Ш. *III. Құдайбердіұлының «Адамдық берішің» өлеңі* 12
- Искакова Л.М. *«Менің егім — Қазақстан» (6 сынып)* 13
- Ужазова А.А. *«Астана — қазақстандықтардың тәуелсіздігі мен бірлігінің символы»* 14
- Қасқанова З. *Математиканың тәрбиелік орны* 16
- Рабилова Г.Ж. *Теория педагогического общения* 17
- Крикунова Н.И. *Критерии успешности учителя* 18
- Олжабаева З.К. *Воспитательная деятельность классного руководителя в начале XXI века* 19
- Алмурзина Г.Ж. *Звезда казахской степи* 21
- Кулешова М.В. *Развитие творческих способностей на уроках изобразительного искусства* 23
- Жержисов Е.Б. *Бег по утрам* 24

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫС

ВНЕКЛАСНАЯ РАБОТА

- Қуандықова А.Б. *«Үздік сынып жетекшісі — 2010»* 25
- Қайнарбаева Г.Б. *«Рахмет саған бастауыш»* 27
- Айғазиева С. *Жігіт сұлтаны* 29
- Сүгірова К.К. *«Ер есімі — ел есінде»* 30
- Асимбетова Г.Н. *Шаңырақ иуағы (семинар-тренинг)* 31
- Камп И.С. *«С чего начинается Родина?»: творческая мастерская по литературе (внеклассное мероприятие в 8 классе)* 33
- Туарипиева Г.Б. *Сценарий Праздника, посвященного 65-й годовщине Великой Победы* 35
- Олжабаева Г.Н. *«В гостях у дядюшки Баурсака»: сценарий конкурсно-познавательной игры* 37

БАЛАЛАР ҮЙІНДЕГІ ТӘРБИЕ

ВОСПИТАНИЕ В ДЕТСКОМ ДОМЕ

- Курейкеева Л.Ж. *Профориентационная работа — путь к развитию организационных навыков, социальной ориентации детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей* 40

Құрастырушысы: САУИЕ ИСАЕВА ЖПС

Бақ. Ақпарат

Шақенова Г.К.

Редакция мекені

Абилова Б.А. — н.ғ.к.

Бірбаева Н.Ж. — н.ғ.к.

Бекенжанова Р.Б. — н.ғ.к.

Көлекбаева Г.Б.

Құдайғалиева Т.А. — н.ғ.к.

Құзғалтаева Б.К. — ҚР ҒА ықалы

ғ.ғ.д.

Көркемдеуші редактор

Ахтиярова Г.Ш.

Техникалық редактор

Салтабергера Г.М.

Редакцияның мекен-жайы:

050010, Алматы қаласы

Ботаника бағдар кәсіпсіз, № 101 б. а/ж 46.

Телефон: 8 (727) 291-61-05; 291-71-92

Е-mail: shakenovalg@mail.ru

Журнал «Жануа мен Мектептегі Тәрбие»

«Жануа мен Мектептегі Тәрбие» — Воспитание в семье и школе» журналы редакциясының көпші түрмен қолқа бағдар олеба тәсілелі. Жолданғы мәсәлімді қарсақаны редакция жауды бермеуді қолжазба интервью қайырағалмайды. Журналдағы мақалаларды басқа баспағымдар қайырағы басқал немесе дайыдалған жағдайда осы журналға сәлтеме жасаудары керек.

Таруы 17.03.2010 жылғы

Бағамы 27.05.2010 жылғы қал қаласы

Қалаы 24 ж. а/ж/46. Сағатты оқығым.

Таралымы 1000 ранды

Журнал «Жануа мен Мектептегі Тәрбие»

Журнал «Жануа мен Мектептегі Тәрбие»
Мәжіліс ақсаңы Жануа мен
Мектептегі Тәрбие журналы
Мәжіліс ақсаңы Жануа мен
Мектептегі Тәрбие журналы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕ ТҮЛҒАНЫҢ ЖАС ЖӘНЕ ЖЕКЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРУ

М. Атамқұлова
№171 жалпы білім беретін мектептің директоры
Алматы қаласы

Әрбір оқушының танымдық іс-әрекетінің, әсерленушілігінің, ерік-жігерінің, мінезінің, жүріс-тұрысының тек өзіне ғана тән сапалық ерекшеліктері болады. Демек жеке ерекшелік – бұл, адамның өз басындағы қасиеттердің бір-бірімен сәйкестікпен түйісуі, оның басқа адамдардан өзгешелігі осы қасиеттері арқылы көрініс табады.

Мектеп оқушысының жеке ерекшелігі дегеніміз – оның жас мөлшеріне, жыныстық және рухани дамуына, жан-жақты тұтас жетілген жеке тұлғалық қасиеттің қалыптасуына органикалық жағынан байланысты өзіне тән ерекшелігі. Осыған орай олармен жұмыс жүргізу педагогикалық үрдістің маңызды бөлігі болып табылады.

Жеке ерекшеліктерін есепке алу – бұл әрбір жеке тұлғаның қызығушылығын, бейімділігін, сапасын, қасиетін, талабын және мүмкіншілігін ескеріп отырып, педагогикалық құралдардың, оқыту әдістемелердің барлығын пайдалану.

Жеке ерекшеліктерді есепке алу маңызды жағдай. Мұғалім бұл мәселеде шектен шығып кетпеуі керек, яғни, баланың мүмкіншілігін артық бағалау да, ескермеу де баланың дамуына зиянын тигізеді.

Педагогикалық қамқорлықтың ең жоғары мақсаты мен мәні бағдарлама, іс-шаралар, әртүрлі әдіске қол жеткізу емес, оқушының өзі болуы керек. Олардың даралығын, өзіндік мінез-күлықтарын, өз бойындағы қасиеттерді сезінуін биік рухани қажеттілікке дейін дамыту қажет. Нарықтық қатынасқа көшу кезінде баланың өзін-өзі тәрбиелеуіне, өзінің ішкі мүмкіндіктерін сыртқа шығаруына, өзінің қабілетін, іскерлігін танытуға зер салу қажет. Баланың ішкі мүмкіндіктері айналасындағы адамдардың оған деген сүйіспеншілік сезімі мен қарым-қатынас жасауына тікелей байланысты. Баланы тек адам санал, оған еркіндік бергенде ғана ол өз пікірін ашық айта алады. Яғни, үлкендердің балаға деген шынайы құрметі, сүйіспеншілігі олардың өзгелерге деген сенімін арттырады.

Қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің ертені – жастардың білім тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Бүгінгі таңда педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі – жеке тұлғаны жетілдіруде, жан-жақты дамытуда, білім беруде, ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыстарды жасауға қабілетті, дүниетанымдық көзқарасы кең, рухани бай азамат дайындау.

А.Н. Лсонтьевтің пікірі бойынша «Жеке тұлғаның жетістіктері мен кемшіліктері, жақсы және әлсіз жақтарымен көрінетін тек өзіне ғана тән баралық белгілері оның өзгелермен қарым-қатынас жасауы, қарапайымдылығы, мейірімділігі, тәкаппарлығы жағымды және жағымсыз қасиеттерінің көрінуіне де байланысты. Олардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауы, өмірдің алуан түрлі ерекшеліктерін тануға, танымдық қасиеттерімен, рухани байлығын арттыра түседі» деп қарастырады.

Тұлғаны қалыптастырудың тиімді дамуы баланың белсенділігін демеп отырған жағдайда ғана сәтті болады. Тұлғаның құрылымпыздағы әлеуметтік-психологиялық жаңа өзгерістер оның өзінің белсенділігін арттыру жолымен іске асырылады. Бірақ белсенді қызмет үрдісінде оның дене (физиологиялық) және рухани жағынан өзгеріске түсуіне, балағын күш-жігер жұмсауын арттыруға мүмкіндік береді. Тәрбиелік үрдіс осы тұрғыдан алғанда жоғары қарай дамиды, қозғалыстың тоқтамайтып, әлі де жаңа және үлкен күш-жігерді талап ететін үрдіс болып көрінеді.

Оқушымен бірлесіп отырып, адамгершілік және рухани мәдениетті, оның тамаша үлгілерін іске асыру, соның негізінде жеке басқа тән құндылықтарды жинақтап жасап шығару, сөйтіп оқу-тәрбие жүйесінде оқушының жеке басының қызығуын туғызумен бірге мұғалім жұмысының мазмұнын құрайды.

Жасына қарай жекелеген топтардың арасындағы шек қоюшылық туралы мәселені шешуге белгілі бір ықпал жасайтын кейбір жаңа құбылыстарға назар аударған жөн. Соңғы уақытта барлық жерде балалардың дене және психикалық жағынан барынша ерте даму себебі өлі күнге жете зерттеліп болмаған акселерация жайы еске алынып отыр. Мұғалім, тәрбиеші үшін жас ерекшеліктеріне байланысты көзқарасты екі түрлі мағынада қарастыруға тура келеді. Ол, біріншіден, әр балаға тән жас ерекшелігі ғана емес, сонымен бірге топ немесе ұжымға тән жас ерекшелігін де ескеруі керек. Сонымен бірге, мұғалімдерге тек жекелеген оқушының жас ерекшелігін біліп қою жеткіліксіз, сонымен бірге, сынып оқушыларының жас ерекшеліктері туралы мағлұматтын да мол болуы қажет. Оны тәрбиелеу мақсатында оқушының жеке басын зерттеп білу кезінде мұғалім, ең алдымен, негіз білу керектігін айқындап алуы керек.

Жасөспірімдердің мінез-кұлқын қалыптастыруда мұғалімдердің жеке бас үлгісінің ерекше маңызға ие болуы одан әрі жалғаса берсін. Сонымен бірге, өзін үлкен кісі санаумен үлкендердің қылықтары мен әрекеттеріне саналы түрде ұмтылады. Сондықтан жасөспірімдер үшін үлкендердің істерінің, қылықтарының, ойларының маңызы зор. Жасөспірімдер өзіне қойылатын талаптардың нақтылығын тез сезінетін болады. Олар үшін үлкендердің талаптарындағы әділдік, ақылдылық, мақсаттылық т.б.

ұстанымдар бірлігінің үлкен маңызы бар. Осы орайда жекелеген педагогикалық талаптарды кейде тікелей емес, оқушының жеке басына жанамалай ықпал етумен түспалдай қоюға болады.

Педагогикалық тәжірибеде баланың жан-жақта дамуы мен мінез-құлқы жағынан қалыптасуының жасөспірімлік шағы (10-15 жас) ең қиын кезең болып табылады. Бұл кезеңде олардың ішкі дүниесінде терең өзгерістер болады: сазасы ламиды, әрекеттеріне жауаптылығы арта түседі, ізгілік және адамгершілік проблемалары жайында ойланады. Олар да өздерінің білімдерін, өзін-өзі тәрбиелеуге жетілдіруге, эстетикалық мәселелерге ұмтылыс пайда болады. Ересектерге, айналысындағы адамдардың адамгершілік қасиетіне ерекше назар аудара бастайды.

Сондай-ақ 10-15 жастағы оқушылардың анатомиялық-физиологиялық дамуында айырмашылық ерекшеліктер кездеседі. Бұл кезеңде жасөспірімдерде жыныс бездерінің жетіле бастауына байланысты гипофиз бен қалқанша бездерінің күшеюі әсерінен дененің жедел дамуы байқалады. Ол дене түзілісі мен зат алмасу үрдісін жеделдетеді, сол себепті қарқынды өсуге әкеп соғады, сонымен бірге, жас жеткіншектің қанқасы жетіледі.

Жасөспірімдерді түсіну – күрделі үрдіс. Қоршаған ортаның өзгермелі болуынан жасөспірімдер бір жағдайдың өзін түрліше бағалауы мүмкін, өйткені бір сыныптағы оқушылар сапасының деңгейі түрліше болады.

10-15 жастағы оқушылардың білімін өздігінен тереңдетуге ұмтылатыны және білімінің түрлі саласына қызығушылық танытатыны белгілі. Көп жағдайда олардың қызығушылығы кездейсоқ факторларға негізделген. Ол оқыған кітапқа, көрген фильмге немесе пән бойынша алған жоғары бағаларына байланысты болуы мүмкін. Егер мұғалім оқушылардың қызығушылығын дамытуға үнемі көңіл бөліп отырмаса, онда олар біржақты және шектеулі болып қала береді. Осыған байланысты оларды қоғамдық мәні бар мақсаттарға бағыттаудың маңызы зор.

Демек, осы жастағы оқушылармен жүргізілетін жұмыстың маңызды міндеті мұғалімдердің мектептегі және мектептен тыс кездегі балалардың әрқайсысымен жеке жұмыс жүргізіп, қажетті әдептілікті сақтай отырып, педагогикалық ұстамдылық пен шыдамдылыққа негізделген қызметтерін дұрыс ұйымдастыру болып табылады.

XIX-XX ғасырдың бірінші жартысында психологтардың шығарған теориялық көзқарастары жастық шақтың романтикалық концепциясы болады. Оның жалпы пішінін кезінде Жан Жак Руссо ұсынған болатын. Психолог Газельдің пікірі бойынша 11-14 жас жастық шақтың енісінде, осы шақ балалықтан үлкендікке өту кезеңі болып табылады. 11-14 жас аралығының өте маңызды екенін ескерте отырып, Газель он жасты «Алтын жас» деп айтады. Мүлел жасқа өту кезеңінде бала өмірдің қиыншылықтарын жеңіл қабылдап, сыртқы жағдайларға аз көңіл бөледі. Ересек шаққа өту кезеңінен бастап, жас өспірімдердің өзіндік ойымен философиясы қалыптаса бастайды.

Философия ғылымы жеке адамның дамуын, дүниетанымын, қоршаған ортамен байланыстылығын басты қасиеттері жайында зерттейді. Философия ділдің, тілдің танымдық қасиетін санамен байланыстырады. Терси де орнықты білім мен іскерлік дағдыларды адамның теориялық, дүниетанымдық негізін қалыптастырады.

Баланың психикалық дамуы оның тәрбиесімен және оқумен байланысының психологиялық-педагогикалық теориясының принциптері тұжырымдалды. Осы теорияның негізінс П.П. Блонский, Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, А.В. Запорожец, Г.С. Костюк, А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия, А.И. Мещеряков, Н.А. Менчинская, С.Л. Рубинштейн, Д.Б. Эльконин еңбектеріндегі теориялық тұжырымдарға көңіл бөлген жөн. Ол теориялардың негізгі тезисі баланың психикалық дамуының оның тәрбиесімен және оқумен байланысты екен.

Жасөспірімге айналысындағы адамдардың, ересектер мен қатарластарының ықпалы жоғары болады. Бірдей жастағы балалар әртүрлі ақыл-ой деңгейі мен тұлғалық қасиеттерге ие.

Л.С. Выготскийдің пікірі бойынша, «жасөспірімдік немесе жастық кезең – өзінің құрылымы және серіні бар баланың даму циклы».

Психологиялық жас – баланың туу туралы куәлігіне, содан кейін төлқұжатында жазылған хронологиялық жасымен әркез дәл келе бермейді. Бастапқы жас кезеңдері балалық шақ – ересек өмірге, дербес еңбекке дайындық болып табылатын тұтас бір кезеңді құрады. Балалар өздерінің ойындарында ересектерге, отбасылық және кәсіби катынастарға еліктейді, ғылым негіздерін игереді. И.Ю. Кулагина «балалық ерекшелік өмір сүретін, тәрбиеленетін және оқитын қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму деңгейімен айқындалатынын» көрсетеді.

Педагог мамандар баланың рухани дамуын, оның бастауларын әртүрлі түсіндіреді. Олардың жұмыстарын екі үлкен бағытқа – биологияландырушық және әлеуметтендірушілік бағытқа біріктіруге болады. Биологиялық факторға ең алдымен тұқым қуалау кіреді. Баланың рухани дамуында, атап айтқанда генетикалық шарттасуы туралы біртұтас көзқарас жоқ. Отандық психологтар кем дегенде екі мезет темперамент және қабілеттілік тұқым қуалайды деп санайды.

Екінші фактор – қоршаған орта. Табиғи қоршаған орта баланың психикалық дамуына әсер етсе оған қосымша – мекен ететін ортасындағы салт-дәстүр мен еңбек қызметінің түрлері, мәдениеті де әсер етеді. Орта факторы әдетте әлеуметтік деп аталады, өйткені дамуға тікелей әлеуметтік орта ықпал етеді.

Биологиялық және әлеуметтік факторлардың арақатынасын білу өте маңызды. Екі фактордың конвергенциясы принципін Вильям Штерн зерттеген. Оның пікірінше, екі фактор да баланың рухани дамуы үшін бірдей шамада мәнді және оның екі бағытын айқындайды. Даму жолдары қиылысады, яғни, конвергенция жүреді.

Отандық психологияда қабылданған биологиялық және әлеуметтік сәйкестік туралы бүтінгі түсініктер

оларға сәйкес орта жоғарғы психикалық функцияларды дамытуға қатысты даму көзі ретінде көрінетін; жоғарғы психикалық функциялар бастапқыда баланың ұжымдық мінез-құлқының нысаны, басқа адамдармен ынтымақтастық қатынасы ретінде пайда болатын және тек кейіннен ғана олар баланың өзінің дара функцияларына айналатын, бұл даму үрдісінде тұқым қуалау және әлеуметтік мезеттердің біртұтастығын көрсететін Л.С. Выготскийдің қағидаларына сүйенеді.

Тұқым қуалау және әлеуметтік ықпалдардың біртұтастығы – тұрақты емес, бір рет немесе мәңгіге берілген емес, өзгеріп отыратын даму үрдісі, сараланған біртұтастық кезеңдерге бөлінген.

Балалықтың даму жағдайларын А.Н. Леонтьев анағұрлым толығырақ сипаттайды. Ол мидың морфологиялық ерекшеліктері мен қарым-қатынасына назар аударды. Шарттар субъектінің қызметін қозғалысқа келтіруге тиіс. Қызмет қажеттілікке орай пайда болады. Қажеттіліктер ұрпақтан-ұрпаққа тұқым қуаламайды, олар қатыптаспайды. Алғашқы қажеттілік ересектермен араласуға қажеттілік болып табылады.

Әлеуметтік орта – кең ұғым. Бұл бала өсіп келе жатқан қоғам, оның мәдениеті салт-дәстүрлері, басым идеологиясы, ғылым мен өнердің даму деңгейі, діні болып табылады. Мемлекеттік және жеке мекемелерден бастап отбасылық тәрбие жүйесімен аяқтай келе, бала тәрбиелеу және оқыту жүйесі қоғамның дамуына тәуелді. Әлеуметтік орта – баланың психикасының дамуына ықпал ететін ең жақын әлеуметтік орта, ол: ата-ана және басқа отбасы мүшелері, балабақша тәрбиешілері мен мектеп мұғалімдері. Жас өсе келе әлеуметтік орта кеңейеді. Әлеуметтік ортадан тыс бала дамымайды және ол толық жетілген тұлғаға айнала алмайды.

Психологияда белгілі бірыңғай әсерлерге неғұрлым сезімталдық түсінікті «сензитивтік даму кезеңдері» деп атайды. Ересектер баланың көп нәрселерді жас кезінде жеңіл үйренетінін білумен қағар. Этикалық түсініктер мен нормаларды – мектепке дейінгі, ғылым негіздерін – кіші мектеп жасында және т.б. барынша жеңіл итеретінін естен шығармаулары қажет. Сензитивтік кезеңді өткізіп алмаудың сәбиге осы уақытта оның дамуы үшін қажеттіні бсрудің маңызы өте зор.

Л.С. Выготскийдің айтуынша, осы кезеңде белгілі бір себептер бүкіл даму үрдісіне әсер етіп, оған терең өзгерістер енгізеді. Басқа кезеңдерде тап сол шарттар бейтарап болып қалуы мүмкін. Олардың даму барысына кері әсер етуі де ықтимал. Соңдықтан сензитивтік кезең онтайлы оқу мерзімдерімен байланысты. Балаларды оқыту проблемасы тек педагогикалық проблема емес. Мәселен: баланың дамуына оқудың ықпал етуі және егер әсер етсе, жасөспірім психологиясының негізінде не ықпал ететіні туралы білуі керек.

Адамның дамуы оның түрлі құралдарды – табиғатты түрлендіретін еңбек аспаптарын және оның психикасын қайта құратын белгілерді меңгеруінің арқасында жүреді. Бала білімді тек оқу үрдісінде меңгере алады.

Кіші жасөспірімдік жастың орталық жана түзілімі ересектік сезімі болып табылады. Шамамен 10-15 жаста өзінің ішкі дүниесіне қызығу пайда болады. Өзін-өзі

танып-білудің біртіндеп күрделенуі және тереңдеуі орын алады. Жас өспірім өзі үшін өзінің ішкі дүниесін ашады. Өзін-өзі танып-білуге жасөспірімге ол ұқсастық ізлен айнаға қарағандай қарайтын достары мен жақын ересектер көмектесседі.

10 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға төмөндесідей түрлерге бөлінетін қоғамдық мәнді қызмет тән:

- еңбек қызметі;
- оқу қызметі;
- қоғамдық-ұйымдастырушылық қызмет;
- спорттық қызмет;
- көркемөнерлік қызмет.

Жасөспірімде кез келген қоғамдық мәнді қызметке қатысуға ұмтылыс оянады, әртүрлі ұжымдарда қабылданған қарым-қатынас нормаларын есепке ала отырып, оларда араласуды құра білу, өзінің мінез-құлқына рефлексия, өзінің «Мен өзім» мүмкінділіктерін бағалай білу, яғни, практикалық сана көрінеді. Психологтарда жасөспірімдік жаста жетекші қызметті айқындаула біртұтас пікір жоқ. Олар осы жастық кезеңдегі жетекші қызмет қатарластардың *жеке араласуы* болып табылады деген қорытындыға келді. Ол жасөспірімдердің ұжымда өз орнын табула, онда ересек қатынас нормаларының реакциясына бағытталған ерекше әрекет практикасы ретінде көрінеді. Алайда, бұл авторлар жасөспірімдердің араласуын олар бірнеше жыл бойы жүзеге асыратын ұжымдық қызмет түрлерінің – оқу, өндірістік-еңбек, қоғамдық-ұйымдастырушылық, көркемөнер, спорттық қызметтерден қарастырған.

Жасөспірімдер өзара жана қарым-қатынастарға кіреді, өйткені осындай қызмет ұжыммен орындалады. Оның нәтижелерінің шынайы бағасын ұжымда қорытылдылай алады.

Қоғамдық мәнді қызмет жасөспірімдерде еңбекке шығармашылық көзқарасты, еңбекқорлықты, ұжымның істеріне жауапты көзқарасты, жолдастық өзара көмекті, қоғамдық белсенділікті қалыптастырады. Жасөспірімдер бір араласу түрінен екіншісіне, олардың нормаларын ескере отырып, икемделе білуді меңгереді. Осы даму кезеңінде бала ата-анасының қамқорлығынан және бақылауынан бас тартады, алуан түрлі әуестенулерде – сабақтан тыс дәрістерде дербестік танытады, осы қажеттіліктер мінез-құлықтан өте айқын көрінеді, бұл «жасөспірімдік реакцияларды» білдіреді.

Жас өспірімдік жаста әуестенулер күшті, бірін-бірі жиі алмастыратын, кейде «бас алмайтын» болып келеді. Әуестенусіз жасөспірімдік шак ойынсыз балалық шак ескіледі деп саналады. Бала өзіне ұнайтын сабақты өзі таңдайды және сол арқылы дербестікке қажеттілігі мен танымдық қажеттілігін қанағаттандырады. Оқу бала үшін жана мағынаға ие болуы – өзінің білім алу және өзін-өзі жетілдіру бойынша қызметке айналуы мүмкін. Осы жаста мектеп оқушыларында басқа адамды танып-білу құралдары дамиды, ересектің қызметін және жеке тұлғасын бағалаудың жана өлшемдері қалыптаспайды. Жасөспірімдер білімді, катах, әліл, мейірімді, ізетті мұғалімдерді бағалайды.

ИМАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ – ПАРЫЗЫМЫЗ

Ә.Қ. Көпбаева

Көкөзек орта мектебінің казак тілі

және әдебиет пәні мұғалімі

Алматы облысы

Сарқан ауданы

Мектеп қабырғасындағы балаларға адамгершілік, имандылық тәрбиесін беру оқыту үрдісіндегі ең маңызды іс болуы тиіс. Қоғамда болып жатқан әртүрлі жауыздық әрекеттерге карап отырып, біз ұрпағымызды имандылыққа бой ұру арқылы ғана тәрбиелей алатынымыз анық. Өйткені, имансыз адамға кісілік болмайды. Осы орайда ислам – ілім мен ғылымға шақыратын, білімді болуды талап ететін асыл дін. Білім алудың қаншалықты сауап екенін Пайғамбарымыз үмбеттеріне үнемі ескертіп отырған. Білімді адамға әрқашан орын бар. Білімсіз адам адал мен арамды түсіне де алмайды. Білімді болу үшін пыдамлылық, сабырлылық керек. Пайғамбарымыз:

«Адамның сүйеніші – ақыл, ақылы жоқтың діні де жоқ» деген екен. Міне, Алла тағала сыйға берген ақыл мен ілімді жас ұрпаққа ұғындырып, еліміздің ертеңінің қалыптасуына осы жол апаратынын түсінуіміз керек. Жас ұрпақтың оны тереңірек ұғуына оқулықтарда да тақырыптар қамтылған. Мысалы, 5-сыныптағы діни әңгімелер тарауындағы «Қасиетті құран көрім жайында», «Адам ата», «Сымайыл»,

«Зәмзәм» тақырыптарын өткенде ислам дініне кеңірек тоқталуға мүмкіндік бар. Құран көрімді аламзат баласына тура жол нұсқаушы, ақ пен қараны айырушы етіп жіберген. Құран көрім жайлы түсініктер беріп, имандылыққа баулудың бір жолы. Баланың бойында барлық асыл қасиеттердің қалыптасуына ата-ана, отбасы адамдарымен ортасы, ұстаздардың іс-әрекеті де көп әсер етеді. Баланы алдамау тұрғысынан пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с) мына бір ісінің өнегесі мол: *«Бірде бірдеңе беретінін айтып баласын шақырған әйелден ол: – Сіз шынымен балаға бірдеңе ұстатпақсыз ба? – деп сұрайды. Әйел: – Иә, құрмим бар еді, – деп жауап бергенде: – Баланы шақырып алып ештеңе бермегеніңізде, Аллаһ есебінде өтірікшілер қатарында болар едіңіз»,* – деп айтқан екен.

Бұған қоса, ата-ана, жолдастары арасындағы өзара сыйластық, ұрыс-керіске бармау, бәсең дауыспен тілдесу, жұмсақ сөйлеу, ымдау, ишарат ету әрекеттері де бала психологиясына айтарлықтай әсер етеді. Кейде «әлі бала ғой, не білер дейсің» деп аса елемегенмен, бұл жас аралығында жақсы-жаманды ажырата алмаса да, көргендері баланың зердесінде сақталып қалатыны шындық.

Сондықтан, ата-ана, ұстаздар қоғамда ақыл-парасаты мол, елінің ертенін ұстар ұрпақ тәрбиелейтінін жадынан шығармауы тиіс.

Маңына ұрық шашпаған жақсылық,
жапанда жалғыз өскен бәйтерекше
тұл болады да қалады.

М.Әуезов

БҮГІНГІ ТӘРБИЕЛІ ШӘКІРТ – ЕРТЕҢГІ ҰЛТЖАНДЫ АЗАМАТ



М.Б. Үмбетова
«Шәуілдір» орта мектебі
директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
Оңтүстік Қазақстан облысы
Отырар ауданы

Қазіргі қоғам адамнан прогрессивті ойлай алатын белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Өйткені адамның қоғамдағы алатын орны, атқаратын қызметі, сол қоғамның дамуымен тікелей байланысты.

«Қазақстан ұлы держава болуы үшін бізге күш-қуаты, қажыр-қайраты мол, ақылды да ойлы, дұрыс жастар керек. Жалпы, білімнің іргетасы мектепте қаланады» деп елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, мектеп – жарқын болашақтың айнасы болса, шәкірт – келешектің тұтқасы. Мектептегі тәрбие – балаға өмір бойы азық. Қоғамда «орындаушы» адамнан гөрі «шығармашылық» адамға деген сұраныстың көп екенін қазіргі өмір талабы дәлелдеп отыр. Әсіресе, білім саласында қызмет ететін мамандар, оның ішінде мұғалімдер шығармашылықпен жұмыс істей білулері керек. Сонымен қатар, біздің еліміз әлемнің алдыңғы қатарлы 50 мемлекеттерінің қатарына ену жолында. Соған байланысты түрлі шаралар атқарылууда. Осындай үлкен шараға мұғалімдер де атсалысуы керек деп ойлаймын. Әрбір бала – тұлға, өзінше бір әлем, ұстаз-тәрбиешінің міндеті – әр тұлғаны көре білу, жүректеріне жол таба білу.

Мұғалімдерге қойылатын жоғары талаптар үлкен жауапкершілікке жалғасады. Себебі мұғалімдерден жан-жақтылықты, іс-әрекетіндегі жүйелілікті, ізденушілік қабілеттерін, өз білімін жетілдіруге деген ынталылықты талап етіп отыр. Мұғалімнің кәсіби дайындығы, білім мен біліктері оқу үдерісінің дұрыс бағытта жүруі тек шығармашылық қызмет арқылы жүзеге асады. Шығармашылық біліктер төмендегідей мүмкіндіктерді қамтиды:

- мұғалімнің өз бетімен педагогикалық міндеттерді шеше білуі, өзінің кәсіби қабілеттерін дамыта алуы;
- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта алатын педагогикалық мақсаттар қойып, оларды шешуге оқушыларды қызықтыру;
- оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыруда оқытудың дәстүрлі әдістерінен басқа әдістерді кеңінен пайдалана білуі маңызды.

Адам әрекетінің сипаттамасы өз күшімен, қабілетімен анықталады. Өзін-өзі тану, мұғалімге үнемі оның өзгеру үстінде екені туралы ақпарат беріп отырады.

Өзін-өзі бақылауда өзіне жоғары талап қою қажеттілігі туындайды.

Өзін-өзі талдау дегеніміз – өз әрекетін талдау, осы әрекетте анықталған ішкі жан дүниесін талдау.

Өзін-өзі бағалауда, жалпы бағалауда дұрыс және теріс қасиеттерін өзін-өзі тәрбиелеудегі бағдарламасы құралады. Өз ерік-жігерін тексеріп, өз бойындағы тәрбиеленіп жаққан қасиеттерінің өсу бейнесін көре білу, бұдан да жақсы болу үшін не істеу керек? Өзіне деген сенімділік – педагог тұлғаның бойында өз күш-жігеріне, қабілеттеріне сенуден басталады. Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімнің өмірлік ұстанымы – алдын ала болжаған мақсатына жетуге деген көзқарасының дұрыс қалыптасуы қажет. Себебі, жұмыс барысында қандай қиындық болмасын нәтижеге жету міндетті түрде еңбегі арқылы көрінісін табуы, оқушының тума табиғатын дамытуға бағытталған мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты дара тұлға шығуы керек. Ал осыдан кейін, шынайы өзіне деген сенімділікпен қаруланған мұғалім шығармашылықпен еңбектенуге жол табатыны сөзсіз.

Ұлы ғұлама бабамыз әл-Фараби «білім мен тәрбие құстың қос қанатындай» – деп бекер айтпаған. Жалпы орта білім беретін мектептегі тәрбие мен тәрбие жұмыстары әр баланы қайталанбас тұлға ретінде қарап, оның өзгеше қасиеттерін дамытуы қажет. Мектептегі тәрбие жұмысының даму бағдарламасын анықтау, жоспарлау, тәрбиешілер мен оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынасты зерттеу, жақсы, жаман жақтарын анықтау, дамыту, жаңалықтарға бағдарлау жұмыстары мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының кәсіби міндеті. Жеке тұлға бойындағы барлық талантты қасиеттердің дұрыс бағытта дамуына ықпал жасау, салауатты өмір сүруге баулу, шығармашылық істерге ұмтылдыру, тәрбие жүйесінің құрылымын негізге ала отырып, оқушыға қажетті жағдай жасау, үлгілі, өнерлі де дарынды шәкірттердің жетістіктерін насихаттау ұстаздық парыз деп түсінеміз.

«Мектептегі тәрбие – балаға өмір бойы азық» деп дана халқымыз айтқандай, өдегілік, имандылық, мейірімшілік, қайырымдылық, ізегтілік, қонақжайлылық құндылықтары қалыптасқан халқымыз осы асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін, мектептегі әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын сап қасырларда қалыптасқан сайт-дәстүрлерді, әлет-ғұрыптарды шәкірттердің санасына жан-жақты терең сіңірумен қатар, өзінің бойына адамдық құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болып өсуіне өз үлестерін қосып келе жатыр. Ол рухани адамгершілік тағылымдарды өркендетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде негізге алғаны жөн. Сонда ғана өзінің міндетін айқын сезіне білетін, мінез-құлқы жетілген саналы адам қалыптасады. Жетілген мінез-құлқы – бұл үш нәрсенің: жүректің, ақылдың және қолдың бірлігі мен келісімі. Егер бала өзінің жүрегін тыңдауға үйренсе, онда ол өмірден өз орнын табады. Бұл мақсатқа

жетуде ата-анамен бірге ортаның және нағыз ұстаздардың қатысуымен қол жеткізуге болатыны баршаға аян. Балаларды сүйетін және өзінің ісіне берілген мұғалім ғана мейірбан адамның қалыптасуына баға жетпес көмек көрсетуге қабілетті.

«Тәрбие — қиын іс, тәрбиеге жағдай жасау — әр адамның ең елеулі борыштарының бірі. Өйткені өзіңді, өзін арқылы өзгені білімді студент маңызды ешнәрсе жоқ», — деп айтып кеткен грек данышпаны Сократтың сөзі бүгінгі қоғамдағы жеке тұлғаның жан-жақты дамуына теңіздің тамшысындай үлес қосып жүрген ұстаздар, яғни қоғамның «тәрбиешілерінің» өмірлік қағидасы, ұстанымы.

Ел тұрақтылығын дамуы мен өркендеуі үшін білім берудің алатын орны мен маңыздылығы дүниежүзіндегі барлық мемлекеттердің өткен тарихы мен даму сатысынан түскен де емес, түспек те емес. Себебі, адамзат баласының

пайда болған кезінен бастап, оның өсіп-өркендеуіне, дамуына, оның өзге мемлекеттермен бәсекеге қабілеттілігіне, заманауи жаңалықтарды меңгеруіне әрине, тек қана білім арқылы қол жеткізіп келеді және осы арқылы қол жеткізе берсін дс.

«Адамдық борышың — халқыңа еңбек қыл», — деп Шәкәрім айтқандай, барлық білім қызметкерлері қай жерде болмасын өзі шынайы жүрегімен мектептің тыңыс-тіршілігіне рухани белсенділік танытатын болса, сол арқылы келешек ұрпаққа тәрбие бере алады және бұл еңбектердің қарымтасын күтпестен тынымсыз еңбек пен ізленіс жолында жүру — педагогтың парызы, шынайы келбеті. Шын мәнінде жалшы адамзаттық құндылықтар ұғымына енетін өмір құбылыстарының бәрі тек қана мектеп өмірінен бастау алады.

БАЛА ТӘРБИЕСІ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Р.Қ. Исмайлова

№49 жаппы білім беретін мектептің қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі
Алматы қаласы

Бүгінде біздер, мына дүбірге толы дүниеде сағат сайып ұланғайыр өзгерістер мен жаңалықтарға қанығудамыз. Осынау жаңа заманның жанашырындай болған қайта құрудың арқасында, газырлар бойы аңсаған егемендікке қол жеткіздік. Ұмыт болған салт-дәстүрлер, халқымызға тән ұлттық асыл қасиеттерімізбен қауышудамыз. Қайта жаңғырып жатқан заманымызда бабалардан қалған мұраларды педагогикамен ұштастыра отырып, ұрпақ бойына сіңіру — бүгінгі кезеңдегі басты міндет.

Бала тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болса да ойышылдарың, зерделі зиялыларың толассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске түсіргендігі күмән тудырмайды. Халқымыздың болашағын ойлаған асыл ойлы ғұламаларымыз да кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырған.

Ата-ананың өз балаларына деген шектен тыс сүйіспеншілігі олардың бойында жекешілдік, пайдакүнемдік, қанағатсыздық және де басқа жиреншілгі мінсз-құлықтарды тудырады. Осыдан барып адамдар бір-бірімен араздасып, туысқан адамдардың өздері де біріне-бірі алақөз болып өшпесуге дейін баралы. Философтар мен педагогтар да бұл проблемаға соқпай өткен жоқ, бірақ оны өркім өртүрлі бағалады.

Жеке бастың рухани және эмоциялық негізін қалау — отбасы тәрбиесінің басты мақсаты мен мәні.

Ата-ананың сүйіспеншілігіне бөленбеген бала — тірі жетім. Ондай бала ата-ананың бір-біріне деген қарым-

қатынасына да немқұрайлы қарай алмайды. Ол қаншама кішкене болғанымен, бәрін де сезеді, әке-шешесінің татулығы мен ұрыс-керісін тез аңғарады. Педагогика ғылымының докторы В.И. Кочетковтың бұл туралы пікірі мынадай:

«Ата-ананың бір-біріне деген махаббаты балаларына тәрбиелік жағынан ықпал жасайтын ең негізгі фактор болып саналады. Балаларына деген махаббаты — нағыз тәрбиелік құрал. Қысқаша айтқанда, ата-ана балаға ең алдымен «сүйе білуге үйрететін ұстаз» ретінде қажет».

Бала үнемі өзіне қамқорлық жасауды қажет етеді. Ересек адам басқаға қамқор болу, өлсізге сүйеу болу қажеттілігін бастан кешіріп, осы арқылы өз күші мен орнын сезінетіні сияқты, қамқоршысы бар бала өзінің артында берік қалқап тұрғанын сезеді. Ата-аналар өз балаларына не беретіндері жөнінде бәріміздің де азы-көпті хабарымыз бар. Бірақ, үлкендер өздері өмір сыйлаған балаларының алдында неге борышты екенін әрқашан толық біле бермейді. Өз-өзіне тыйым сала білген әке болашақта баласына да тыйым салады, бұл барлық адамдар мен жеке адамның шынайы әрі бірден-бір мүмкін болатын моралі.

«Қазіргі балалар жақсылықты ақтамайды. Оларға жұмсалатын күш пен қаржы ұшан-теңіз, оның ешқандай қайтарымы жоқ» деген сөздерді ата-аналардан жиі естіп жүрміз.

Дүниеге жана адам өкелмеу, өз өмірінің жалғасуынан бас тарту ма? Содан да болар, көптеген халықтардың дәстүрінде баласыз болуды ең айыпты, қылмысты іс деп бағалайды.

Балалар үлкендердің айтқан ақылдарын, оған жұмсаған күштері мен жіберген уақыттарын өздерінің барлық пәк көңілімен ешбір бүкпесіз мінездерімен қабылдайды. Осы әрекеттерімен балалар үлкендерді де

шынайылықка, мейірімділікке, барлық адамдарға бірдей кең пейіллі болуға үйретеді. Балалықтың бұл күші адамның ізгілік сезімін оята алатындығында скенін көреміз. Баланың кіршіксіз жашары, шынайы адалдыққа толы сепімдері мен тілектері үлкендерді каншама құлдыраудан, ақымақтықтан, дөрекіліктен, екіжүзділіктен сақтайды.

• Бала өмірдің гүлі, сондықтан ананың басты борышы — оны аман-есен өсіріп өлпейтпеу, аялау.

• Бала да үлкендер сияқты адам, тек білетіндері мен қолынан келетіндері аз.

Ананың міндеті — баланы адам деген ардақты атқа лайық етіп тәрбиелеу.

Отбасында әкелің орны қандай?

Зайыбы мен жұбайы,

Садақ пен жебедей.

Жебе исе ұдайы

Садақ қалмас елемей.

Жұбайлар жалқы демеші

Жарытпас үй боп дәнене.

Жебмесе жебесі

Садақ та аспас көдеге. — деген өлен жолдарынан апа мен әкелің мүдесі де, мақсаты да ортақ, баланы жетілу жағынан да, адамгершілік жағынан да дұрыс, нағыз азамат етіп өсіру, олардың қабілеттілігін ұштау және оған сай білім беру.

Бірақ, бұл мақсатты әркім өзінше шешеді. Егер атасы баласының денсаулығын, күшін сақтауға тырысса, әкесі баласының денсаулығын, күшін, жалпы пайдалы іс үшін батыл түрде жұмсауға үйретеді. Әке ғана баланың ерік-күшін жұмсай білуді талап ететін әдетке дағдыластырады, оларды тапсырған іске жауапкершілікпен қаруға тәрбиелейді. Олардың мақсат-мүдделерін үй ішінің айналасынан сыртқа шығаралы. Дәлірек айтқанда, әке өз ұрпағын қоғамдық мүдделерге араластырады.

Бала біраз ер жеткенде оның өміріне араласатын әкелінің ролі сдәуір өзгереді. Өз балаларын қажырлы еңбекке, тіпті төуекелге үйрететін — тек әке ғана. Ол балаларына өмірдің алыс-жақын мақсаттарын түсіндіруді ойлаған нәрсесіне жете білуді үйретеді, әділетсіздіктен сақтап қалады.

Адамдар балаларға қарап, олармен қарым-қатынас жасау арқылы өздерінің адамгершілік дағдыларын ғана қалыптастырып қоймайды, балалардың әсерімен олардың ой-өрісі кеңейеді, пайдалы әдет-дағдылары молаяды. Бәріне дайын бала кез-келген іске араласып кететін болады.

Жаксы ана болу дегеніміз не?

Ана — бұл махаббат, жанқиярлық, ақыл мен жүректің жомарттылығы. Егер ана болуға жауаптылықпен қарасаң, ол — жер бетіндегі қызметтердің ең қиығы.

Дәстүр бойынша ана жетекші, тәлімгер, басшы. Ал бала — бағынышты, ананың тілегі мен тапсырмасын орындаушы. Тіптен олар ананың бұрын қалыптасқан пікірі мен дағдысынан өзгеше болғанның өзінде, балалардың өздеріне деген сүйіспеншілігін, баланың алдындағы беделін жоғалтпай, олардың көмекшісі бола білген, баланың шыншылдығын, сенімін қабылдай білген, үйрене білген ана-жаксы ана. Сонымен отбасында ана қорғаушы мен төрешінің қызметін біріктіріп атқаралы.

Анасы мен қызының арасындағы сияқты әке мен баланың бір-біріне сеніп айтатын әңгімелерін ешбір кітап ауыстыра алмайды. Әке өзі жіберген, өзі зардабын тартқан кемпіліктерді баласының қайталауынан сақтандырады. Әке мен шешенің өнері — балалардың алдында беделдерін түсірмей, олармен аралағы қарым-қатынаста жөнсіздік шеңберінің қоршауында қалмай, баласының ең жақыны және бола білуінде. Себебі, бала тәрбиесінің ең алғашқы өліппесі отбасынан басталатындығын ескерейік құрметті ата-ана!

Балаң ақылды әрі есті болсын десең, дені сау, мықты етіп өсір. Ол жұмыс істесін, әрекеттенсін, жүгірсін, айқайласын, тынымсыз қимыл үстінде болсын.

Ж.-Ж. Руссо

СЕМЕЙНОЕ ЧТЕНИЕ КАК ВАЖНАЯ ЧАСТЬ СИСТЕМЫ ВОСПИТАНИЯ

Л.А. Полова, руководитель проекта
«Родительский клуб как модель
взаимодействия семьи и школы»
Н.П. Филатова, заместитель директора
Государственной детской библиотеки
им. С. Бегалина

В Государственной детской библиотеке им. С. Бегалина (ГДБ им. С. Бегалина) накопился немалый опыт работы с родителями. Свою задачу мы видим в том, чтобы остановить «белые колесо» повседневных забот, которые никогда не кончаются, и побудить родителей задуматься о происходящем вокруг нас. Для этого чуть-чуть смещаем «точку сборки». Да, без денег не на что содержать семью. Но все-таки деньги, быт — это лишь один из инструментов, с помощью которого создаются комфортные условия для существования семьи, и не более того. А мы «телегу поставили впереди лошади» и необходимостью зарабатывать деньги, как щитом, отгородились от исполнения других функций семьи — эмоциональной поддержки, духовного обогащения и т.п.

Отчего так? Да потому, что человек подсознательно отодвигает то, что ему неприятно, или то, в чем он плохо разбирается. Строить семью нас не учили, общаться с детьми мы тоже не умеем. На работе все гораздо проще и понятнее — тут мы профессионалы с дипломом и опытом работы. Вот и уходим от проблем в «трудоголизм». И этим подаем пример детям, которые «уходят» в свой мир, не допуская туда взрослых, даже родителей. А мир этот неоднозначен и не всегда положителен.

Все вроде просто, понятно и всем известно, но часто слова как бы скользят по поверхности, не задая за живое ни детей, ни родителей. Как «зацепить», заставить задуматься? Как вытащить занятого взрослого человека из защитной оболочки стереотипов?

Помните танцмейстера из сказки «Золушка», который на вопрос короля: «Что же делать?» — отвечал, ни минуты не сомневаясь: «Как что! Конечно, танцевать».

Что мы имеем в виду?

У каждой профессии свои инструменты, свой профессиональный подход к проблеме, свои проекты. Например, приоритетным направлением в ГДБ им. С. Бегалина является возрождение культуры семейного чтения. Этому была посвящена серия родительских собраний в 2006-2007 учебном году, библиографические и методические пособия: «Растим читателя. Советы родителям» (2003 г.), «Очаг, согревающий душу» (2006 г.), «Семья — важнейшее благо» (2006 г.) А 2009 год был объявлен в библиотеке Годом семейного чтения. Год завершился, но работа эта будет продолжена и дальше: программа семейного чтения, разработанная в ГДБ, рассчитана на три года.

Цель программы:

- создание системы взаимодействия всех заинтересованных в решении проблемы детского чтения организаций и учреждений;
- возрождение интереса детей и подростков к чтению, книге;
- формирование положительного имиджа читающей семьи в социальном пространстве города;
- сотрудничество детской библиотеки и семьи в литературно-творческом развитии детей.

Программа семейного чтения детской библиотеки нашла широкий позитивный отклик среди библиотечных работников республики. Об этом шел заинтересованный разговор на республиканском семинаре «Очаг, согревающий душу: библиотека и семейное чтение», который прошел в октябре 2009 г. Проблемой возрождения семейного чтения занимаются библиотеки многих областей, например, интересный опыт накоплен библиотеками Карагандинской области. И пожалуй, самым полезным на данном семинаре был обмен опытом такой работы.

В работе семинара приняли участие директор Российской государственной детской библиотеки (г. Москва) Г.А.Кисловская и известный казахстанский культуролог М. М. Ауэзов.

Сегодня дети все больше замыкаются в своих субкультурах, «уходят» в виртуальный мир компьютеров или просто «на улицу», компенсируя недостаток общения в семье. Традиция семейного чтения — очень важная часть в системе семейного воспитания именно как средство общения. Совместное чтение, чтение вслух не только приобщает детей к книге. Такое чтение — это совместное действие, оно будит желание размышлять, наблюдать, чувствовать и сопереживать. Его ценность в том, что в этот момент родители и дети принадлежат друг другу, а не телевизору или компьютеру.

Но сейчас многих родителей совместному чтению нужно учить, особенно выбору литературы: что читать, какими книгами увлекается новое поколение подростков. Ведь не секрет, что книги, на которых в свое время выросли родители, могут быть неинтересны детям, да и мир во многом изменился.

Этому может помочь рекомендательный список литературы для семейного чтения на казахском и русском языках «Вместе с книгой мы растем», подготовленный и изданный библиотекой в 2009 г. В списке представлена современная литература для детей и подростков разного возраста: от 0 до 5, от 6 до 12 и от 12 до 16 лет. Указатель интересен не только родителям, но и всем, кто руководит детским чтением, — библиотекарям, преподавателям литературы.

Лабораторией творческого чтения можно назвать организованный при отделе абонемента для 5-9 классов стенд «Перекресток мнений», возле которого постоянно проводятся мини-исследования, анкетирования, блин-

опросы, в которых с удовольствием принимают участие не только дети, но и взрослые. Помимо традиционно библиотечных вопросов задавались и такие: «Книга и чтение в твоей семье», «Хороший ребенок – это...», «Хорошая семья – это...».

«Книга – друг моей семьи»: под таким названием прошел конкурс детского рисунка, в котором приняли участие студии из Академии юных художников, юные художники из гг. Алматы, Астана, Семей. Замечательные, яркие и красочные работы детей, выполненные в разной технике, вошли в календарь 2010 года.

Любители книги и чтения стали участниками еще одного примечательного республиканского фотоконкурса «Я и Книга – в объективе». Было прислано из областей и районов республики около 180 фоторабот детей и взрослых, профессионалов и любителей. Сюжеты самые различные, порой необычные, неожиданные ракурсы, но главными героями всех снимков являются Читатель и Книга.

В мае 2009 г. по приглашению ГДБ им. С. Бегалина в Алматы приезжала доцент кафедры библиотечно-информационной деятельности ЧГАКИ (г. Челябинск) Н. К. Сафонова. Она провела мастер-класс для детских библиотекарей государственных и школьных библиотек по проблемам семейного чтения. Большой интерес вызвала тема «Прогноз ценностных ориентиров детей и подростков», обзор детской литературы, практические пути организации семейного чтения.

А началось все с вопроса, каким образом побудить родителей по-новому посмотреть на себя как на воспитателей и попытаться что-то улучшить во взаимоотношениях с детьми? «Каждая семья – уникальная комбинация людей и обстоятельств, требующая внесения дополнений и поправок во всякую самую подробную теорию. Нужно попробовать освоить психологический

стиль мышления, запустить «работу понимания», чтобы уметь самому разбираться в конкретных ситуациях», – писал видный психолог А.Г. Шмелев («Острые углы семейного круга». – М.: «Знание», 1986).

Мы предположили, что помочь в этом могут книги талантливых писателей, кинофильмы, театральные постановки. Недаром писателей называют «инженерами человеческих душ» и «совестью нации». Таким, например, был Чингиз Айтматов. В произведении «И дольше века длится день...» его герой Абуталип Куттыбаев рассказывает Едигею для чего он пишет свои фронтовые воспоминания: «Кормить, поить, воспитывать – это само собой, сколько смогу, столько смогу. Но я должен оставить детям свой дух...».

